Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Шымкент қаласы

20-21 ақпан 2024 жыл

# ХАТТАМА №

Тақырыбы : «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын-алу бойынша», «Қызметтік этика кодексі», «Бұқаралық ақпаратта жалған ақпарат жариялау» баяндама.

Қатысқандар : Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері : бөлім дәрігерлері, жедел жәрдем көрсету станциясының қызметкерлері, бөлімшелердің аға мейірбикелері, мейірбикелер, санитаркалар.

Күн тәртібінде : «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын-алу бойынша», «Қызметтік этика кодексі», «Бұқаралық ақпаратта жалған ақпарат жариялау» тақырыпта баяндама.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығына сәкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің **Әдеп Кодексінің** Ережелері бекітілген.

Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі танда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

## ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

1. Лауазымды тұлғалар мен Жұмысшылар міндеті:

1) Қазақстан Республикасының рәміздері мен Мекеменің корпоративтік рәмізшелеріне сыйластықпен қарауы тиіс;

2) жалпы қалыптасқан моральды-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тіл мен басқа да тілдерге, барлық ұлттардың дәстүрлері мен ғұрыптарына сыйластықпен қарау;

3) жоғары кәсіби жұмыс үшін бар жігерін салу, Мекеменің мүлкіне ұқыпты болу және оны рациональды және тиімді пайдалану;

4) өзінің жұмысқа деген қарым-қатынасы және іс-әрекетімен ұжымда жақсы және позитивті жағдай жасауға әсер ету;

5) сыпайы және ұқыпты болу;

6) немқұрайлылық пен дөрекілікке жол бермеу;

7) ұжымдастарына көмек пен демеу көрсету;

8) басқалардың көзқарастарымен санасу;

9) Сөзі мен жұмысының сәйкестігін қамтамасыз ету;

10) Өз қателіктерін жасырмау/ мойындау;

11) өзін пікір Шиеленістері туындамайтындай жағдайда ұстау, өзіне де байланысты, басқалармен де қарым-қатынаста;

12) басқа Жұмысшыларға қатысты өзінің жеке пікірін; айтпауға және басқа жұмысшылардың іс-әркетінің дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне жеке баға беруге жол бермеу;

13) Мекеменің ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, құпиялық ережелерін бұзбай бір-біріне уақытылы дұрыс ақпаратты жеткізу;

**14) Мекеменің Лауазымды тұлғаларының тікелей тапсырмасынсыз немесе тікелей қызмет барысынсыз Мекеме атынан көпшілік алдында кез келген тақырыпта сөз сөйлеуге, пікір айтуға және сұхбат беруге рұқсат етілмейді;**

15) қоршаған ортаны сыйлауға және ұқыптылық таныту;

16) Кодекстің талаптарын тыңғылықты меңгеру, түсіну және мүлтіксіз орындау, келісім білдірген жағдайда куәландыратын қажетті үлгіні толтыру (Кодекске қосымша);

17) Өзіне қабылдаған міндеттерге жауапкершілік танытады;

18) Қызметтік міндеттерді орындауда жеке өзінің пайдасын немесе кәсіби ұтымдылықты емес, Мекеменің қызығушылығын басшылыққа алуы қажет;

19) Іскерлік этика қағидалары мен іс-әрекет ережелері бұзылуы бойынша сұрақтарды анықтау барысында көмек көрсету;

20) Өзінің жұмыс орнын ұқыптылық пен тазалықта ұстау, және де барлық жұмыс құралдарын қажетті жағдайда сақтау.

2. Лауазымды тұлғалар міндетті:

1) Кодекстің құндылықтары мен қағидаларына ескере отырып, айқын және ұтымды басқарушылық шешімдер қабылдау;

2) күшіндегі Қазақстан Республикасының заңдылықтарында қарастырылған және Мекеменің ішкі құжаттарына сәйкес алдына қойылған тапсырмаларды орындауда жауапкершілік алады;

3) өзінің жеке үлгісімен Кодекс талаптарын орындайтындығын көрсетеді және оны сақтаушыларды ынталандырады;

қоздырса:

екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

273-бап. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау

5000 АЕК мөлшерінде айыппұл салу;

түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

274-бап. Көрінеу жалған ақпарат тарату

Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқануы үшін:

1000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу;

түзеу жұмыстарына не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту;

бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте жалған ақпарат тарату келесі екі баппен қаралады және айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

439-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлау

жеке тұлғаларға ескерту жасауға не 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға;

әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет үшін 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

456-1-бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу

Көрінеу жалған ақпаратты БАҚ-та, ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында, ашық деректер интернет-порталында немесе Қазақстан заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен орналастыру

лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК ;

орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК ;

ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса айыппұл мөлшері екі есе көбейеді.

Жалған ақпарат пен жала жабуға қарсы күрес күшейеді

Жала жабу қылмыс деп танылмайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында Қылмыстық кодекстің 130-бабы – "жала жабуды" қылмыс деп танымай, Әкімшілік кодекске ауыстыру туралы шешім қабылдады.

ҚР ӘҚБК нің 73-3 бап. Жала жабу. Жала жабу, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер таратқаны үшін

1000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу;

түзеу жұмыстарына не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Көпшілік алдында, БАҚ, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет үшін:

2000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу;

түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

"Соңғы он жыл бойы медиа қоғамдастық "жала жабуды" қылмыс деп танымауға күш жұмсады. Бұл бір күннің, бір адамның не ұйымның ғана еңбегі емес, журналистер, құқық

4) қармағындағылардың арасында ұжымдық жағдайды жасауға, әріптестердің Мекеменің миссиясы, құндылықтары мен қағидаларына сәйкес ортақ командаға бірігуіне уақыт бөлу;

5) Жұмысшыларға нақты тапсырма беру және қажет болған жағдайда нақты нұсқаулықтармен беру;

6) Жұмысшыларға өз тапсырмаларын орындау үшін қолжетімді және тыңғылықты ақпаратпен қамтамасыз ету;

7) жұмысшыларға кеңес бер және бағыт беру;

8) ешқандай жағдайда Мекеме Жұмысшысының мәртебесін төмендетуге жол бермеу.

3. Мекеменің Лауазымды тұлғалары мен Жұмысшылары қызметтік міндеттерін орындауда қабылдауға құқығы жоқ:

1) заңды және азаматтық тұлғалардан ақша түріндегі, қызмет немесе басқа да түрдегі марапаттаулар;

2) заңды және азаматтық тұлғалардан сыйлық немесе қызметтер. Олардың жұмыстарына байланысты, жалпы қалыптасқан сыпайылық ережелері бойынша символикалық белгілер мен қонақжайлылықтан басқа, немесе күн тәртібіндегі және басқа да арнайы іс-шараларды жүргізгендегі сыяпаттар.

4. Басшылық Мекемеде агрессияны, шектеуді, қорқытуды және үрейді жоятын жұмыс жағдайын жасау қажет. Кез келген Жұмысшы аталмыш жағдайға тап болса, одан жоғары басшылыққа қақтығысты шешу үшін мәлімдеуге құқығы бар.

5. Мекеменің Лауазымды тұлғалар мен жұмысшылардың қол астындағылармен, серіктестермен, бәсекелестермен іскерлік іс-әрекеті бір-бірімен кереғарлық туындатпайды және ұсынады:

1) білместікке және мейірімділікке;

2) тексерілмеген ақпаратты қолданудан бас тарту;

3) Мекеменің коммерциялық және қызметтік құпияларына жататын ақпараттарды таратпау:

4) Өз сөзінде тұру;

5) адамгершілік құндылықтарын сақтаудағы мақсаттылық;

6) өзінің іскерлік дәрежесін сақтау, өтірік және тексерілмеген ақпаратты тасымалдауда байланыс жасау, немесе үшінші тұлға арқылы.

7) Қызығушылық Қақтығыстары жағдайында пікірталасты келісім жолы арқылы шешу.

6. Мекеме коррупциялық және заңға қайшы іс-әрекеттердің болмауына бар күшін салады, ол Қызығушылық танытқан тұлға тарапынан да, Лауазымды тұлға мен Жұмысшылар тарапынан да өздерінің пайдасы мен игілігі үшін жасалуы мүмкін.

**2 тақырып.**

**Қазақстанда жалған ақпарат** таратқандарға 20 АЕК сомасындағы айыппұл төлеуден бастап, 7 жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза көзделген.

"Қылмыс құрамының басты шарттарының бірі – таралған ақпараттың қоғамға, азаматтарға елеулі зиян келтіруі. Яғни, таралған ақпарат қоғамда резонанс тудыруы қажет.

Мысалы, 2019 жылғы Арыс оқиғасына қатысты "4-сынып бастауыш мектебі" WhatsApp чатында жалған аудиожазба таратқаны үшін Арыс қаласының тұрғыны 3,5 жыл бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды. Өз кінәсін толық мойындап, процессуалдық келісімге келгендіктен, оған бас бостандығынан айыру жазасы қолданылмады.

"2016 жылы жер мәселесіне қатысты митингілер кезінде осы оқиғаларға түк қатысы жоқ фотосуреттерді Facebook-те "Қызылорда қаласындағы митинг" деп жариялаған азамат 2 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды. 2017 жылы YouTube сервисінде тұрғын үйлердің біреуі құлағаны жайлы видео таратқан Семей тұрғыны кінәсін мойындап, 2,5 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды".

Жалған ақпарат тарату 274-баппен шектелмейді. Қылмыстық кодекстің бірнеше бабы бойынша жалған ақпарат таратушылар жазаланады:

174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру. Жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты

қорғаушылар мен медиа сарапшылар қатысқан өте ұзақ процесс. Халықаралық қоғамдастықтың Қазақстан туралы ескертпелері де әсер етті". Оның сөзінше, мемлекет "жала жабуды" Әкімшілік кодекске ауыстыру арқылы "өз мүддесіне теріс пайдаланауы" мүмкін.

"Иә, бұл қылмыстық жауапкершілік емес. Сонда да қомақты айыппұлдар мен қосымша шектеулер болуы мүмкін. Әкімшілік кодекске ауыстыратыны бізді қуантса да, таяқтың екі ұшы бар екенін ұмытпау керек. Іс қозғап, әкімшілік өндірісте жауапкершілікке тарту жеңілірек. Осы бапқа қатысты әкімшілік айыппұлдарың көлемі қандай болады деген сауал туып отыр".

Екінші мәрте ұрлық жасайтындарға кешірім жоқ. Қылмыстық кодекске ұрлыққа қатысты тағы қандай өзгертулер енгізілді?

Фейк ақпарат таратушылар қылмыстық жауапкершілікті білмейді

Көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартылмас үшін азаматтарға жалған ақпарат таратудан сақтануы керек, ақпарттың БАҚ-та, әлеуметтік желілерде таралуы шарт емес. Ол мессенджерлердегі шағын топта жарияланса да, қылмыс саналатынын айтады.

Журналист, қоғам белсендісі Бэлла Орынбетова ақпаратты тексерудің оп-оңай екенін, алайда адамдар енжарлық танытып, назар аудармайтынын айтады. Оның сөзінше, Смартфонда геолокация қосылып тұрса, бейнежазбаның қандай телефонға және қашан түсірілгені айқын көрінеді. Интернетке метадатасын өзгертпей жүктегенде, деректердің барлығы бірге жүктеледі.

"Адам бір ақпаратқа назар аудармай, тексеруді қажет етпей өтіп кетсе де, кейін біреумен дауласқанда аргумент ретінде оны шын ақпарат ретінде беретін феномен бар. Ақпарат адам санасында сақталып қалады. Сөйтіп, жалған ақпаратпен күрескердің өзі де фейк ақпаратқа сеніп, оны кейін қолдануы мүмкін. Сондықтан, әрбір ақпаратты тексеріп тұруды тексеріп тұруды әдетке айналдыру керек".

Оның сөзінше, балалардың сәби шағынан жазадан құтылып кету үшін өтірік айтуы уақыт өте келе әдетке айналады. Бала өтірік айтуға дағдыланады. Адамдардың жалған акапарат тарату мен жалған ақпаратты оңай қабылдауының түпкілікті себебі – олардың бойында бала кезден қалыптасқан әдетте жатыр.

Ақпарат тұтынушылардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмайды. Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көптеп тарайды. Қазақстан заңнамасына сәйкес, фейк ақпарат таратқандар жазаланады. Десе де, көп адам мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатынынан бейхабар.

**3 тақырып.**

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттің органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттің органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындаулын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының

қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, ат салысып, қарсы жиылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң, солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды.

Коррупциялық заң бұзушылыққа қарсы тікелей күрес Лауазымды тұлғаға жүктеледі.

Жұмысшылар оларға белгілі болған коррупциялық заң бұзушылық жағдайды басшылыққа мәлімдеуге міндетті.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлық пен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтардың бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай-ақ жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу жалпыға ортақ міндет деп сөз соңын баяндамашы қорытындылады.

Іс шараға қатысушылар оқылған баяндаманы тыңдап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар құзыреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет деген тұжырымға келді.

**Комплаенс офицер :** **З.Г.Абдулгафарова**

**З.Абдулгафарова**
**8 702 496 2350**

21.02.2024

| | Семинардын тақырыбы | | |
|---|---|---|---|
| № | Аты жөні | Қызметі | Қолы |
| 1 | Шынтореева А | м/с ВОП | |
| 2 | Наурызхан А | м/с ВОП | |
| 3 | Ұлмашова А | м/с воп | |
| 4. | Алибекова А | м/с воп | |
| 3. | Темирбекова Л.Д. | М/с воп | |
| 4 | Кайдарова И.С | м/с воп | |
| 5 | Шарапат Ш.А | м/с воп | |
| 6 | Турлыкпанова С | м/с воп | |
| 7. | Мортоева М.И | м/с воп | |
| 8. | Исмова Ф.С | м/с воп | |
| 9 | Тлеуберлиева Н.С. | м/с воп | |
| 10 | Коренбай Ф.Т | м/с воп | |
| 11 | Оразбекова Б.М | м/с воп | |
| 12 | Сарбасова Р. | м/с воп | |
| 13. | Тулакбекова Г | м/с воп | |
| 14 | Ермешбетова Г.Б | м/с воп | |
| 15 | Нурлыбаева К.К | м/с воп | |
| 16 | Жолдыбекова И.С | м/с воп | |
| 17 | Джарбашулова С.Ж. | воп сб | |
| 18 | Есболова А | воп сб | |
| 19 | Рахматулла Ж.Б | воп м/с | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

20.02.2024 г.

Танысттым.

1) Байгенов Е.А. онколог
2 Жакипбеков масс.
3 Сарсембиева Г. Узи мед
4. Бимашева М.Ж. ЛФК
5. Алтаев А. физ м/с
6. Алимов Б.А уролог
7. Зәкір М.М. м/с.
8 Валодян. Д.А. М/с
9 Исакунова М.Э Танысттым.
10. Жолдыхожа М.
11. Демисенова В.А. танысттым
12 Кишуарова Л.Ш. Танысттым
13. Хамза А.М. Танысттым
14. Байсебай А.И. Таныстым
15. Тулеманова М.Н. реаб Танысттым.

20.02.2024

Юлдашева З.С м/с проц

Жеппаркулова А-Б луч-лаб

Нисбаева Р.Т. фарм

Ермекбаева А-Х

Ташходжаева Г.А

Сарсенбаева А А

Омарбекова К.Б- м/с

Аргабаева М.Б. м/с

Умирзаева Г.А. с-ка

Ауесханов Г.Е дуг врач

таныстым: Жолембергенова Г.А.

Юсупашева М.И.

Усманова И.А.

Шохирашева Т.И.

Туребаева А.У.

Халтаева У.Т.

Кентаева Н.А.

Дуйсенова П.С.

Жумабекова М.

Жузеева Ж.

Тургинбаева У.

Даутова П.

Ахмерова Т.